

**Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

Астана қаласы

2023 жылғы «26» сәуір

Төрағалық етті: Р.С. Ошақбаев

Қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелері: ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы қоғамдық кеңестердің, полиция департаменттерінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың төрағалары мен мүшелері, ғылыми қоғамдастықтың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және ІІМ-нің басшы құрамы *(тізім бойынша)*

2024-2028 жылдарға арналған қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Тұжырымдамасының жобасы туралы

(Р.С. Ошақбаев, О.Б. Бекеев, Н.Ж. Ергалиева, А.А. Дюсекова, С.А. Тусупов, Т.Б. Әбілмәжинов, Б.К. Амирханов, А.М. Оразалиев, М.А. Абенов, К.В. Авершин, И.В. Смирнова, Т.М. Нарикбаев, М.Ч. Қоғамов, Д. Рахметуллин, М.А. Айсина, Б.Ш. Нурашева, С. Тауекелова, Р.М. Шакин, С.Е. Шунеев)

1. Сөз сөйлеушілердің *(О.Б. Бекеев, А.А. Дюсекова, С.А. Тусупов, Б.К. Амирханов, А.М. Оразалиев, Н.Ж. Ергалиева)* 2024-2028 жылдарға арналған қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасының жобасы назарға алынсын.

2. Ішкі істер министрлігіне:

1) мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарды осы отырыста қабылданған Тұжырымдама жобасымен және Іс-қимыл жоспары бойынша барлық ұсыныстар мен ескертулерді пысықтауға қатысты шешім туралы *(а.ж. 22 сәуірінде қарауға жіберілген)* тиісті қоғамдық кеңестермен **бір тәулік мерзімде** хабардар ету және ІІМ-ге а.ж. 5 мамырына дейін келісілген ұстанымды ұсыну;

2) **ағымдағы жылғы 10 мамырдан** бастап мемлекеттік, жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен және қоғамдық кеңестермен құқық бұзушылықтардың алдын алу және еліміздегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша келісілген шараларды әзірлеу үшін қосымша жұмыс кездесулерін ұйымдастырсын, олар Тұжырымдамаға және оны Іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына енгізілетін болады;

3) отырыста енгізілген ұсынымдарды қарастыру және мақсатқа сай болған жағдайда жобаға енгізу;

4) осы бірлескен отырыс және қабылданған шешімдер туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында және ведомстволық интернет-ресурста жариялауды ұйымдастыру ұсынылады.

3. Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жанындағы қоғамдық кеңестерге:

1) қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде қоғамдық кеңестермен әріптестік нысанының тұжырымдамасын жобада көрсету бойынша ИМ-нің жобалау тобына ұсыныстар енгізу (электр.адрес:concept_MVD@mail.kz);

2) өкілдердің алдағы бірлескен жұмыс кездесулеріне тиісті мемлекеттік органдармен әзірленген аяқтау нысанын, іске асыру мерзімдерін және жауапты орындаушыларды көрсете отырып келісілген дәлелді ұсыныстар енгізу ұсынылады.

Қабылданған шаралар мен жұмыс нәтижелері туралы Қоғамдық кеңестің хатшылығын **2023 жылғы 12 мамырға** дейін хабардар етсін.

**Ішкі істер органдары
қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес төрағасы**

Р. Ошақбаев

**Ішкі істер органдары
қызметінің мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес хатшысы**

Қ. Елубаев